

Алдын-ала жасалатын операциялар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу нөмірі 1449. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған:
Кедендік алып жүру ережесі;

Тауарлар мен көлік құралдары уақытша сақталатын орындар мен оның рәсімі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Заң департаменті (А.Б. Байназарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Мыналардың:

"Кедендік алып жүру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 266 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 152 бұйрығының ;

"Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтаудың рәсімі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1325 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің төрағасы М.О. Нүкеновке жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Бекітілді

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс
министрлігінің

**К е д е н д і к
ЕРЕЖЕСІ****а л ы п****ж ү р у д і ң****1 .****Ж а л п ы****е р е ж е л е р**

1. Кедендік алып жүрудің Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру және кедендік алып жүру үшін кедендік алымдарды төлеу тәртібін айқындайды.

2. Кедендік алып жүру - бұл Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғаларының (бұдан әрі - кеден наряды) тауарлар мен көлік құралдарын және олардың құжаттарын алып жүруі.

3. Кедендік алып жүру Кеден ісі туралы Заңға, осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кедендік алып жүру туралы шешім

4. Егер жеткізу орнына дейін тауарлар мен көлік құралдарының транзиті мен жеткізу бойынша Кеден ісі туралы заң ережелерін немесе халықаралық шарттарды сақтау Кеден ісі туралы заңмен (Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері, заң актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар Кеден ісі туралы заңның ережелерінің тек қана басқа да қамтамасыз ету шараларын қолдану көзделген жағдайдан басқа) көзделген оны қамтамасыз етудің өзге шараларына кепілдік берілмеген жағдайда кеден органы осындай тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру туралы шешім қабылдайды.

5. Қазақстан Республикасының кедендік алып жүру туралы шешімі тауарларды тасымалдаушы үшін міндетті болып табылады.

6. Тасымалдаушының кедендік алып жүрумен байланысты туындаған шығыстарын Қазақстан Республикасының кеден органдары өтемейді.

7. Кедендік алып жүру туралы шешімді жөнелтуші немесе тағайындаушы кеден органының басшысы болмаса оларды алмастыратын тұлғалар қабылдайды.

8. Кедендік алып жүру мен алып жүруді тікелей ұйымдастыру туралы шешім қабылдау тауарларды тасымалдаудың кеден заңдарымен белгіленген мерзімдерін ұ з а р т п а у ы т и і с .

9. Қазақстан Республикасының кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын

алып жүруді тасымалдаушы, жөнелтуші немесе алушы Кеден ісі туралы заңына сәйкес өзіне жүктелген барлық міндеттемелерді орындайтын және кедендік алып жүру үшін кеден алымдарын төлейтін шартпен кедендік алып жүру туралы шешім қабылданғаннан кейінгі күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Кедендік алып жүру:

- 1) тиісті көлік құралдарының жабдықтары;
- 2) кеден баждары мен салықтарды төлеуге тиісті сомаларды уәкілетті банктің кепілдіктері түрінде немесе Қазақстан Республикасы кеден органының депозитіне енгізумен қамтамасыз етілген жағдайларда;
- 3) халықаралық шарттармен келісілген басқа да жағдайларда қолданылмайды.

11. Кедендік алып жүру:

- 1) кеден төлемдері және (немесе) салықтары салынатын тауарларға;
- 2) акцизделетін тауарларға;
- 3) тарифтік емес реттеу шаралары қолдану көзделген әкелуге қатысты тауарларға;
- 4) бұрын орын алған кеден ережелерін бұзушылықтары, соның ішінде 1975 жылғы ХЖТ кітапшаларын пайдаланумен жүктердің халықаралық тасымалдаулары туралы Кеден конвенциясына сәйкес өткізілетін тауарлардың жетіспеушілік фактілері туралы ақпарат бар тасымалдаушы немесе оның иесіне қатысты тауарларға;
- 5) 1998 жылғы 8 желтоқсандағы Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кеден органдары арасындағы кедендік алып жүру туралы Хаттамаға (бұдан әрі - Хаттама) сәйкес кедендік алып жүрілетін тауарларға қолданылады.

3. Кедендік алып жүру үшін кеден алымдарын төлеу тәртібі

12. Қазақстан Республикасының кеден органы кедендік алып жүру үшін алымдарды кедендік алып жүру басталғанға дейін кедендік алып жүру туралы шешім қабылданғаннан кейін тасымалдаушыдан алады.

13. Кедендік алып жүру үшін алымдар Кеден ісі туралы заңның 120-бабына сәйкес тауарларды кедендік алып жүру жүзеге асырылатын қашықтыққа Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде алынады.

4. Кедендік алып жүру кезінде құжаттарды ресімдеу

14. Кедендік алып жүрумен тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарын кеден органында жөнелтуші және тағайындалған кеден органында ресімдеу Кеден ісі туралы заңның талаптарына сәйкес осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

15. Кедендік алып жүру туралы шешім қабылданған жағдайда мына құжаттар

міндетті түрде жасалады:

1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша кедендік алып жүру туралы шешім;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша кеден нарядына жоспар-тапсырма, онда кедендік алып жүруді жүзеге асырушы инспекторлардың тегі, қарудың маркасы мен нөмірі не арнайы құралдардың атауы, қозғалыс бағыты, алып жүретін көлік құралдарының атауы мен мемлекеттік нөмірлері, тауарға ілеспе құжаттардың нөмірлері (кеден жүк декларациясының, ішкі транзит құжатының);

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша тауарлар мен көлік құралдарын қабылдау-беру актісі;

4) іссапар куәлігі;

5) көлік құралын қайта қарау актісі.

16. Кедендік алып жүру туралы шешім осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша тіркеу нөмірі беріліп тауарлар мен көлік құралдарын Кедендік алып жүруді есепке алу журналына тіркеледі.

17. Тауарлар мен көлік құралдарын қабылдау-беру актісі екі данада ресімделеді. Бір дана қол қойылғаннан кейін жөнелтуші кеден органында, ал екіншісі алушы кеден органында сақталады. Актіде міндетті түрде барлық бағандар толтырылады, тауарлар мен көлік құралдарын берген және қабылдаған кеден нарядының тегі мен аты-жөні көрсетіледі. Қолдар тағайындалған және жөнелткен кеден органының немесе аға нарядтардың жеке нөмірлі мөрлерімен с ү р г і с а л ы н а д ы .

18. Кедендік алып жүруді жүзеге асыруды бастағанға дейін белгіленген тәртіппен қайта қарау актісі жасалып және пломбаланып көлік құралын комиссиямен қайта қарау жүргізіледі.

19. Иссапар куәліктері барлық кеден нарядына беріледі.

Иссапар куәліктерінің бағандарын толтыру белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

20. Нұсқаулықты жүргізу нұсқаулықтың арнайы журналында көрсетіледі.

21. Тағайындалған кеден органына тауарларды жеткізуді бақылау, тағайындалған кеден органына аталған құжаттар табыс етілгеннен кейін аяқталады.

5. Кедендік алып жүру тәртібі

22. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру тасымалдаушының, жөнелтушінің немесе алушының алып жүретін көлік құралында немесе кеден органының автокөлігінде жүзеге асырылады.

23. Кедендік алып жүру жөнелткен кеден органынан бастап тағайындалған кеден органына дейін үздіксіз жүзеге асырылады.

24. Алып жүретін тауарлар мен көлік құралдары тасымалдау жолында

орналасқан кеден органдарында кеден нарядының ауысуымен бірге қабылдау алынған-берілген жағдайда, аталған кеден органдары транзиттік декларациялардың, тауарлардың жеткізілуін бақылау құжаттарының барлық беттеріне тауарларды жеткізудің белгіленген ережелерінің талаптарына сәйкес белгілер қояды.

25. Алып жүретін көлік құралдарының кеден нарядын ауыстыру қабылдау-беру актісі міндетті түрде жасалып және кедендік алып жүру туралы жаңа шешім қабылдаумен кедендік алып жүру бекеттерінде ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте кедендік алып жүру үшін алымдар алынбайды. Кедендік алып жүру бекеттерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілейді.

26. Авария немесе тежеусіз күш әрекеті кезінде кеден наряды тасымалдаушыға оның міндеттемелерін орындауға жәрдемдеседі. Көлік оқиғасы туралы хаттама аға кеден нарядының қатысуымен жасалады.

6. Тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау кезінде кедендік алып жүрудің ерекшеліктері

27. Көлік құралдарымен тасымалданатын тауарларды кедендік алып жүру кезінде тасымалдау жағдайлары мен тауардың сипатына байланысты бір кеден наряды 10-нан аспайтын автокөлік құралын алып жүреді.

Кеден нарядының жеке құрамы бас және соңғы жолкөлік құралына орналасады. Алып жүретін көлік құралы қозғалған және тоқтаған уақытта кеден наряды колоннаның екі жағын бақылайды.

28. Көлік құралдарының бірі ақаулы болған кезде жөндеу аяқталғанға дейін бүкіл колонна кідіреді. Аварияның немесе көлік құралының бұзылуы салдарынан тауар басқа көлік құралына қайта тиелген кезде көлік құралының жүк бөлігіне мүмкіндікке орай пломба салынады. Бұл ретте, кеден наряды тауардың басқа көлік құралына қайта тиелгені туралы екі данада акт жасайды, онда тауарды қайта тиеу себептері, тауардың мөлшері мен басқа да ерекшеліктері, ескі және жаңа пломбаның нөмірлері көрсетіледі. Пломба салудың мүмкіндігінің болмауы актіде көрсетіледі. Актіге аға кеден наряды мен тасымалдаушы қол қояды. Актінің екінші данасы тағайындалған кеден органына табыс етіледі.

29. Адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпті болып табылатын тауарларды (химикаттарды, радиоактивтік және жарылғыш заттарды және т.б.) кедендік алып жүру жағдайында, кедендік алып жүру жеке көлік құралмен күшейтілген кеден наряды ретімен қауіпті болып табылатын тауарларды алып жүру және қауіпсіздік шараларымен белгіленген ережелер талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады.

7. Кедендік алып жүру кезіндегі тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

30. Т а с ы м а л д а у ш ы н ы ң :

1) кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін, осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген құжаттармен танысуға;

2) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру туралы кеден органының шешімімен келіспеген жағдайда, жоғары сатыдағы кеден органына немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

31. Т а с ы м а л д а у ш ы :

1) Қазақстан Республикасының кеден органы белгілеген орынға тауарларды тасымалдаудың қалыпты жағдайларын қамтамасыз етуге;

2) жөнелтуші Қазақстан Республикасының кеден органы белгілеген транзиттік және жеткізілетін тауарларды тасымалдаудың мерзімдері мен қозғалыс бағытын сақтауға;

3) авария немесе тежеусіз күш әрекеті кезінде тауарлардың сақталуын және оларды қалай да пайдалануына жол бермеуді қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қолдануға;

4) кедендік алып жүруді жүзеге асыру үшін кеден нарядына қажетті жағдайлар мен жеке орындар беруге және қызметтік міндеттерді орындауда оған жәрдем көрсетуге міндетті.

8. Кедендік алып жүру кезінде кеден нарядының құқықтары мен міндеттері

32. Кеден нарядын аға наряд басқарады. Егер кеден наряды бір адамнан тұратын болса, ол біруақытта аға кеден наряды болып табылады.

Аға кеден наряды мен оның жеке құрамы Кеден ісі туралы заң мен осы Ережеде белгіленген өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындауға тиіс.

33. Кеден наряды тауарлар мен көлік құралдарын тағайындалған кеден органына жай-күйін өзгертпей белгіленген мерзімдерде және белгіленген бағыттар бойынша жеткізуді қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асыруға м і н д е т т і .

34. Аға кеден наряды :

1) кеден нарядының жеке құрамын және тасымалдаушының өкілдерін кедендік алып жүру тәртібі туралы, сондай-ақ тауарларды кедендік алып жүру кезіндегі олардың құқықтары мен міндеттері туралы нұсқаулық өткізуге;

2) тауарларды тасымалдау бағытының ерекшеліктерін зерттеуге, бағыттағы ықтимал жағдайларды болжауға және тұтқиыл жағдайлар туындаған кезде нарядтың жеке құрамының іс-қимыл тәртібін айқындауға;

3) кедендік алып жүру уақытында кеден нарядының жеке құрамының орналасу орнын және алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарына қадағалау жүргізу тәртібін айқындауға;

4) кедендік алып жүру кезінде қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етуге;

5) кеден нарядының жеке құрамының жарактануын, оның байланыс құралдарымен жарактандырылуын тексеруге;

6) кедендік алып жүрумен тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау кезінде кеден заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

35. Кеден нарядының жеке құрамы кедендік алып жүру кезінде:

1) алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарына қадағалау жүргізуге;

2) көлік құралдарының жүк бөлімшелеріне салынған кедендік қамтамасыз ету құралдарының жағдайын, сондай-ақ тасымалданатын тауарларды теңестірудің басқа да құралдарын тексеруге;

3) қолдануға тұрақты түрде даяр қару мен арнайы құралдар болуға;

4) қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға;

5) алып жүретін көлік құралдарында бөгде адамдардың жүруіне жол бермеуге м і н д е т т і .

36. Кедендік алып жүруді жүзеге асырған кезде кеден наряды қажет болған жағдайда Кеден ісі туралы заңға сәйкес жеке күшін, арнайы құралдары мен атыс қаруларын қолдануға құқылы.

37. Адам өміріне қауіп төндіретін, алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарының жойылуына немесе жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін тежеусіз күш әрекеті туындаған жағдайларда кеден нарядының жеке құрамы зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету, кедендік алып жүруге барлық қатысушылардың өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығына, аталған тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға м і н д е т т і .

38. Кедендік алып жүру нарядын басқа бақылаушы органдар ұстаған кезде аға кеден наряды жөнелткен кеденге және тағайындаған кеденге арнайы хабарламаны дереу жібереді. Хабарламада нарядты ұстаған орган туралы нақты деректер, ұстау себептері, лауазымды адамдардың тегі болуға тиіс. Алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарын жөнелткен кеден басшылығының нұсқауларын алғанға дейін кеден наряды күзетеді.

9. Кеден нарядын қалыптастыру

39. Кеден наряды көлік құралдары санының, тасымалдау мерзімі мен шарттарының, тасымалданатын тауардың сипаты, сондай-ақ наряд құрамына әсер ететін басқа да факторлардың түрлерінен қалыптастырылады.

40. Кеден нарядының жеке құрамын атыс құралдарымен, арнайы құралдармен және жеке қорғаныс құралдарымен жарактандыру алып жүру бағытындағы жедел жағдайдан туындап айқындалады.

41. Кеден нарядында, сондай-ақ:

1) кедендік алып жүру үшін осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген қажетті қ ұ ж а т т а р ;

2) пломбы лайтын құрылғы;

3) қажет жағдайларда - екі жаққа жүру жолына арналған азық-түлік немесе азық-түліктік-жолдық ақша, тамақ ішуге және оны даярлауға, сондай-ақ ауыз суды сақтауға арналған ыдыс-аяқ, күзет киімінің жинақтары, жолда бір тәуліктен астам болған кезде нарядтың барлық құрамына арналған төсек орын, медициналық қобдиша, ракетницалар, дабыл беретін қызыл жалаушалар мен қызыл түсті жарық сүзгілі шамдар, байланыс құралдары болуға тиіс.

42. Егер тағайындалған кеден органы кедендік алып жүрген жағдайда осы кеден наряды осындай шешім қабылданып келісілгеннен кейін 24 сағаттың ішінде барынша қысқа мерзімдерде жөнелтуші кеден органына келіп кедендік алып жүру жөніндегі өзінің міндеттерін орындауға кірісуге міндетті. Жөнелтуші кеден органы кеден нарядын қарсы алуды және оларға нұсқаулық өткізуді қамтамасыз етуі керек.

43. Кеден нарядын жіберер алдында кеден нарядының жеке құрамына нұсқаулық өткізіледі, олардың денсаулық жағдайы, жасақталуы, қызметтік міндеттерін білуі, қару мен арнайы құралдардың жай-күйі тексеріледі. Кеден наряды кедендік алып жүруді белгіленген үлгідегі нысанды киім киіп жүзеге асырады.

К е д е н д і к а л ы п
ж ү р у д і ң Е р е ж е с і н е

1 КОСЫМША

Кедендік алып жүру туралы
N Шешім

" " 200 ж. (жасалған орны)

кеден органының лауазымды тұлғасы

қарап белгіледі:

Жоғарыда айтылғандар негізінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы МКМ N бұйрығын (күні және бұйрықтың нөмірі) басшылыққа ала
отырып
Шешті

1. _____

К е д е н д і к а л ы п
ж ү р у д і ң Е р е ж е с і н е

3 қосымша

К е д е н д і к а л ы п ж ү р у д і ң
қ а б ы л д а у - б е р у

Актісі

_____ " ____ " _____ 200__ ж.
(е л д і _____ м е к е н н і ң _____ а т а у ы)

_____ (көлік құралының атауы)
мем. нөмірі N _____

_____ і л е с п е _____ т а у а р _____ қ ұ ж а т т а р ы : _____

_____ (КЖД, УКД, ілеспе құжаттардың NN)

_____ тасымалданатын тауарды (көлік құралын) кедендік алып жүруді
тапсырған _____ аға наряд

_____ (кеден органының атауы, қызметі, аты-жөні)

ал қабылдаған _____ аға наряд

_____ (кеден органының атауы, қызметі, аты-жөні)

Тауар (көлік құралы) өзгеріссіз жағдайда, жүк бөліктері
N _____ пломба салынды.

Қосымша N _____ пломба салынды.

Аға наряд _____ (кеден органының атауы, _____ (ЖНМ N, қолы)

_____ қ ы з м е т і , _____ а т ы - ж ө н і)

Аға наряд _____ (кеден органының атауы, _____ (ЖНМ N, қолы)
_____ қызметі, аты-жөні)

К е д е н д і к а л ы п ж ү р у д і ң
Е р е ж е с і н е

4 қосымша

**Алып жүретін тауарлар мен көлік құралдарын
есепке алу**

Журналы

N! Кедендік алып !Күні! Алып жүретін!Тауардың атауы,!Төлем!Жіберуші.
! жүру туралы ! !автокөлік құ.!тауардың көлемі!құжат!нің дерек
! шешімнің ! !ралының мемле!көлік құралының!ының !тері
! нөмірі, ! !кеттік нөмірі! мемлекеттік !нөмір!(мекен-
! Тапсырма ! ! ! нөмірі ! !жайы,
! жоспары ! ! ! ! атауы,
! ! ! ! ! есеп шоты
! ! ! ! ! жән е т. б.)

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Алушының деректері ! Нысаналы ! Аға нарядшы ! Аға нарядшының!
(мекен-жайы, атауы, !кеден органы! (аты-жөні) ! қолы !
есеп шоты және т.б.)! ! !

Журнал іс номенклатурасында тіркелуі, жіп өткізілуі, нөмірленуі және Қазақстан Республикасы кеден органының мөрімен мөрленуі керек.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
2001 жылғы 15.02.

N 149 бұйрығымен бекітілген

**Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау
орындары мен рәсімі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 170-бабына сәйкес тауарлар мен көлік құралдары оларды Қазақстан Республикасының кедендік органына ұсынған сәттен бастап және кеден режимінің таңдауына сәйкес оларды босатқанға не белгілі бір адамның қарамағына бергенге дейін кедендік бақылаудың уақытша сақтауында б о л а д ы .

2. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындары мыналар болып т а б ы л а д ы :

1) көлік құралдары - тауарларды тасымалдауға және уақытша сақтауға пайдаланылатын көлік құралдары;

2) ашық алаңдар - тауар иелерінің алаңдары, олар: осы тұлғалардың уақытша сақтау үшін арналған тауарларын, әуежайлардың, теңіз және өзен айлақтарының, теміржол станцияларының аумақтарында; меншікті тауарларын уақытша сақтау осы адамдарға арнайы бөлінген және қорғалатын аумақтарда;

кеден бақылауындағы уақытша сақтау үшін арналған тауарлар мен көлік құралдарын, кеден органдары орналасқан орындарға іргелес жатқан аумақтарда болады;

3) арнайы бөлінген және жабдықталған үй-жайлар - меншікті тауарларын уақытша сақтау үшін арналған тауар иелерінің үй-жайлары немесе үй-жайдың арнайы бөлінген және жабдықталған бір бөлігі;

4) уақытша сақтау қоймалары (бұдан әрі - УСҚ) - тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау үшін арнайы бөлінген қоймалар;

5) кеден қоймалары және бос қоймалар - кеден қоймасының және бос қойманың кедендік режимдеріне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру үшін арнайы бөлінген қоймалар, олардың бір бөлігі уақытша сақтау үшін пайдаланылады.

3. Құрылысына, жабдықталуына және орналасқан (болатын) орнына қатысты міндетті талаптарды қоса алғанда, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарының талаптары уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптарға сәйкес белгіленеді.

4. Уақытша сақтаудың орны мен рәсімі тауарлардың мақсатына және кедендік ресімдеудің мерзіміне байланысты белгіленеді.

5. Тауарлар мен көлік құралдары оларды Қазақстан Республикасының кедендік органына ұсынылған сәттен бастап уақытша сақталуға жататын мәртебе алады.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелген кездегі ұсыным олардың жеткізілім орнына келгендігі туралы тауарларды алып жүретін адамның, не тасымалдаушының, не олар уәкілеттік берген адамдардың кеден органына жазбаша хабарламасынан көрінеді.

6. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына жеткізудің орны кедендік ресімдеуді жүргізудің, орны немесе тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орны болуы мүмкін.

7. ХЖТ кітапшасын пайдалана отырып жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кедендік конвенцияға сәйкес тауарларды автокөлікпен тасымалдау кезінде тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына жеткізу орны тауарларды алып жүретін адам қысқаша декларацияда көрсеткен орын болып табылады. Бұл орайда уақытша сақтау орны кедендік бақылау аймағы ретінде қаралатын автокөлік құралы не оның жүк тиейтін

б о л і к т е р і

б о л у ы

м ү м к і н .

Тауарлармен қандай да бір жүк операцияларын жүргізудің (тауарларды түсіру, олардың салмағын, санын нақтылау, зерттеу (сараптама) және басқа да мақсаттарда сынама және үлгілер алу) қажеттілігі жағдайында олар ұқсастыру құралдары (пломбылар қою, мөрлер басу, таңбалар белгілерін салу, мөртабандар басу) пайдаланыла отырып, кеден органының лауазымды адамының қатысуымен болмаса тауарларды уақытша сақтаудың өзге орындарына (УСҚ, кедендік және бос қоймалар, арнайы бөлінген және жабдықталған үй-жайлар немесе ашық алаңқайлар) орналастыру шарттары кезінде тауарларды уақытша сақтау орындарына орналастыру үшін белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

8. Сақтаудың айрықша шарттарын талап ететін тауарларды (валюталық құндылықтар, қару-жарақ, радиоактивті, жарылғыш заттар және басқалары) өзге орындарға жеткізуге тауарлардың сипатынан шыға отырып, осы орындарда кедендік ресімдеуді жүргізу орынды болатын жағдайларда тауарларды алып жүретін адамның қызмет аймағындағы кеден органының рұқсатымен ғана жол б е р і л е д і .

9. Кедендік ресімдеудің бір кезеңі ретінде уақытша сақтау тауарлар мен көлік құралдары кеден органына ұсынылғаннан кейінгі жұмыс күні бір тәулік ішінде кедендік ресімдеу аяқталған жағдайда қолданылмайды, бұл орайда осы тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болуы тиіс.

Мұндай жағдайда қысқаша декларация кеден органына ұсынылмайды.

10. Уақытша сақтау орны уақытша сақтау орнына қойылатын талаптарға сәйкес кез келген орындарда құрылуы мүмкін.

2. Уақытша сақтау орындарын құрудың тәртібі

11. Уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптарға сәйкес жабдықталған және жайғастырылған үй-жайлар мен ашық алаңдарды танудың нысаны - УСҚ-ны, кеден қоймасын, бос қойманы құруға арналған тиісті түрде ресімделген лицензиялар және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті берген (бұдан әрі - Кеден комитеті) өзге де орындарды уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімдер (бұдан әрі - Ш е ш і м д е р) б о л ы п т а б ы л а д ы .

12. Арнайы бөлінген және жайғастырылған үй-жайлар немесе ашық алаңқайлар осы орындар бірыңғай және бөлінбейтін кешен болып табылған жағдайда және бір мекен жайда орналасқан жағдайда уақытша сақтау орны деп т а н ы л а д ы

13. УСҚ ашық және жабық үлгілерде болуы мүмкін. УСҚ үлгісі УСҚ-ны құруға арналған лицензияда көрсетіледі.

14. Жабық үлгідегі УСҚ-лар УСҚ иегерлері лицензия алған кезде белгілеген адамдардың тауарлары мен көлік құралдарын орналастыруға арналады.

15. УСҚ-ны құруға арналған лицензияның беру тәртібін Кеден комитеті белгілейді.

16. Шешім басқаруында немесе қарамағында тиісті үй-жайы немесе ашық алаңқайы бар адамға беріледі.

17. Үй-жайдың немесе ашық алаңқайдың иегері Шешім алу үшін тұлғаның атауы және үй-жайдың немесе алаңқайдың орналасқан орны туралы мәліметтерді көрсете отырып, Кеден комитетіне еркін нысанда өтініш береді.

18. Өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1) үй-жайдың немесе ашық алаңқай иегерінің құрылтайшылық және тіркеу құжаттарының нотариалдық сипатта куәландырылған көшірмелері;

2) уақытша сақтау орындарына арналған аумақтардың жоспарлары, үй-жайдың немесе ашық алаңдардың жоспарлары мен сызбалары;

3) уақытша сақтау үшін арналған үй-жайды немесе ашық алаңқайды меншіктену немесе иемдену құқығын растайтын нотариалдық сипатта куәландырылған құжаттар;

4) уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптардың олардың жабдықтарына және жайғастырылуына сәйкестігі туралы қызмет аймағында үй-жай немесе ашық алаңқай орналасқан кеден органының қорытындысы;

5) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тіркеу үшін жауапты кеден органындағы лауазымды адамның жеке нөмірі бар мөрімен куәландырылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушының тіркеу карточкесінің көшірмесі.

19. Өтінішті Кеден комитеті оны алған күнінен бастап 30 күн ішінде қарайды.

Кеден комитеті қарау үшін ұсынылған мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға құқылы.

20. Шешім 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы бланкіде ресімделеді және Шешімдерді тіркеудің арнаулы журналына қолын қойғызып, үй-жайдың немесе ашық алаңның иегеріне ақысыз негізде беріледі.

21. Шешімдердің, уақытша сақтау орны деп танылған үй-жайдың немесе ашық алаңқайдың жоспарларының, сызбаларының көшірмелерін Кеден комитеті қызмет аймағында үй-жай немесе ашық алаңқай орналасқан кеден органына жібереді.

22. Егер осы Нұсқаулықпен және уақытша сақталу орындарына қойылатын міндетті талаптармен айқындалатын талаптарға үй-жайдың немесе ашық алаңқайдың жайғасуына және жабдығына қатысты айтылған мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда Шешімдерді беруден бас тартылуы мүмкін. Шешімді беруден бас тартқан кезде Кеден комитеті бұл туралы бас тартудың себебін көрсете отырып, жазбаша нысанда өтініш берушіге хабарлайды.

23. Кеден комитеті шешімді кері қайтарып алуы немесе оның қолданысын тоқтатуы мүмкін. Шешімді кері қайтарып алу немесе оның қолданысын тоқтату туралы шешім Кеден комитетінің бұйрығы түрінде қабылданады және Шешімді кері қайтарып алу немесе оның қолданысын тоқтату туралы тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

24. Шешімді қолдану төмендегідей жағдайларда тоқтатылады:

1) жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы, уақытша сақтау орнының иегері белгілеген мерзімге уақытша сақтау орнының алаңын ұлғайту немесе азайту туралы уақытша сақтау орны иегерінің өтініші бойынша;

2) қызмет аймағында тиісті уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының уақытша сақтау орындарына қатысты кедендік заңдардың талаптарын уақытша сақтау орнының иегері сақтамайтындығы туралы ұсынысы бойынша - мерзімі бір айға дейін.

25. Шешімді қолдану мынадай тәртіппен қалпына келтіріледі:

1) өтініште көрсетілген мерзімнен кеш емес мерзімге - осы Нұсқаулықтың 24-тармағының 1) тармақшасының негізінде тоқтатылған жағдайда және де өзгерген алаңын ескере отырып, қойылатын талаптарға оның жабдықтары және жайғасуы сәйкес келетіндігі туралы қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының қорытындысы Кеден комитетіне ұсынылған жағдайда;

2) тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан кеш емес мерзімге - осы Нұсқаулықтың 24-тармағының 2) тармақшасының негізінде тоқтатылған жағдайда және де қойылатын талаптарға оның жабдықтары және жайғасуы сәйкес келетіндігі туралы қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының қорытындысы Кеден комитетіне ұсынылған жағдайда.

26. Шешім мынадай жағдайларда кері қайтарылынып алынады:

1) Қазақстан Республикасының кеден заңдары белгілеген, тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтаудың рәсіміне қатысты талаптарды уақытша сақтау орнының иегері сақтамаған жағдайда, сондай-ақ кеден ережелерін бұзған жағдайда қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының ұсынысы бойынша;

2) осы Нұсқаулықтың 24-тармағы 2) тармақшасында белгіленген мерзімде оның жабдықтары мен жайғасуына қойылатын талаптардың сәйкес келетіндігі туралы қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналасқан кеден органының қорытындысы ұсынылмаған жағдайда;

3) уақытша сақтау орны ретінде үй-жайды немесе ашық алаңқайды пайдалануға мүмкіндік бермейтін уақытша сақтау орнына қатысты мүліктік құқықтар тоқтатылған немесе өзгерген жағдайда;

4) уақытша сақтау орны иегерінің өтініші бойынша.

27. Шешімнің қолданысы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Шешімді кері қайтарып алғанда;
- 2) уақытша сақтау орны иегерінің кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған, таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда.

28. Уақытша сақтау орны иегерін қайта тіркеген жағдайда Шешім өзінің күшін сақтайды. Мұндай жағдайда уақытша сақтау орны иегері қайта тіркеу фактісі туралы Кеден комитетіне хабарлауға міндетті. Қажет кезде Кеден комитеті Шешімге қайта тіркелген күнін көрсетіп тиісті өзгерістер енгізеді.

29. Шешім кері қайтарылынып алынған жағдайда уақытша сақтау орнының иегері кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 15 күннен кешіктірместен Шешімнің түпнұсқасын Кеден комитетіне кейінірек беруі үшін қызмет аймағында уақытша сақтау орны орналасқан кеден органына беруі тиіс.

30. Шешім беру туралы екінші қайтара өтінішті Кеден комитеті кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай өткен соң жалпыға ортақ белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Уақытша сақтау орны иегерінің міндеттері

31. Уақытша сақтау орнының иегері:

1) кеден бақылауын айтпағанда, уақытша сақтау орнынан тауарлар мен көлік құралдарын алып қоюды болдырмауға;

2) кеден бақылауын жүзеге асыруға кедергі жасамауға;

3) осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен тауарлар мен көлік құралдарының жеткізілуі, сақталуы және босатылуы туралы есеп жүргізуге және кеден о р г а н ы н а е с е п б е р у г е ;

4) үшінші адамдардың сақталатын тауарлар мен көлік құралдарына араласу мүмкіндігін жоққа шығаруды қамтамасыз етуге;

5) УСҚ-ны, кедендік немесе бос қойманы құруға арналған лицензиялардың, сондай-ақ Шешімнің шарттарын сақтауға, кез келген уақытта және олардың талап етуі бойынша кеден органдары лауазымды адамдарының сақталатын тауарлар мен көлік құралдарына бақылау жасауын қамтамасыз етуді қоса алғанда , кеден органдарының талаптарын орындауға;

6) кедендік ресімдеуге жататын және кедендік бақылауға алынған тауарларды кеден органының талап етуі бойынша тасымалдауға, өлшеуге немесе тауарлардың санын өзгеше түрде белгілеуге, тиеуге, түсіруге, қайта тиеуге, бүлінген орамасын түзеуге, ораманы ашуға, тауарларды орауға немесе қайта орауға, сондай-ақ осындай тауарлар мен көлік құралдары орналасуы мүмкін үй-жайды, сыйымдылықтарды және басқа да орындарды ашуға;

7) УСҚ-ны, кедендік немесе бос қойманы құруға арналған лицензиялардың қолданысы уақытша тоқтатылған немесе тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ Шешім тоқтатылған немесе кері қайтарылынып алынған жағдайда осындай

орындарда уақытша сақталатын тауарлар мен көлік құралдарын, қажет болған жағдайда, өзге сақтау орындарына жайғастырып, олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

32. Кеден органдары аталған операцияларды жүргізуге байланысты шығындарды уақытша сақтау орнының иегеріне өтемейді.

33. Уақытша сақтау орнының иегері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз міндеттерін орындауға жауапты болады.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға орналастыру

34. Уақытша сақтау орындарына тауарлар мен көлік құралдарын орналастырған кезде белгілі бір кедендік режимді мәлімдегенге дейін есепке алу және бақылау жасау мақсатында қысқаша декларация қолданылады.

35. Қысқаша декларация уақытша сақтауға арналған тауарлар мен көлік құралдарын орналастырудың айғағы болып табылады.

36. Қысқаша декларацияның нысаны және онда көрсетілуге тиісті мәліметтердің тізбесі қысқаша декларацияны толтыру тәртібін белгілейтін Кеден комитетінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген.

37. Қысқаша декларация кеден органына тауарлармен, көлік құралдарымен және оларға арналған құжаттармен қатар бір мезгілде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының кеден органының рұқсатымен қысқаша декларация ретінде қысқаша декларацияда белгіленген барлық қажетті мәліметтері бар өзге де құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

Декларант жүк кеден декларациясын ұсынған кезде (оның ішінде алдын ала декларация жасаған кезде), сондай-ақ декларация жасалған тауарларды және кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттарды тауарлар мен көлік құралдарын декларациялайтын кеден органына ұсынғаннан кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей қысқаша декларация берілмейді.

38. Уақытша сақтау орындарына тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру тауарлар мен көлік құралдарын идентификациялауды қамтамасыз ететін, тауарлармен ілесіп жүретін құжаттарды кеден органдарына ұсынумен бірге жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда қысқаша декларация тауарлар мен көлік құралдары уақытша сақтауға орналастырылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілместен ұсынылады.

39. Басқа тауарлар мен көлік құралдарына зиян келтіруі мүмкін немесе сақтаудың айрықша талаптарын талап ететін тауарлар мен көлік құралдары сақтау орындарына қатысты талаптарға сәйкес арнайы бейімделген және жабдықталған орындарда сақталуы тиіс.

40. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтпейтін тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарында орналастыруға жол

б е р і л м е й д і .

41. Жеткізу орындарына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу Кеден ісі туралы заңның 167-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Ветеринарлық, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың өзге де түрлерін жүргізу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, уақытша сақтау орындарына тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру жоғарыда аталған алдын ала мемлекеттік бақылау жүргізу қажеттілігіне байланысты болмауы қажет. Уәкілетті органдардың уақытша сақтау орындарынан тыс жерлерде мемлекеттік бақылау жүргізуі кедендік бақылаумен бірге жүзеге асырылады.

43. Егер теміржол, теңіз, өзен немесе авиакөлік арқылы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін тауарларды жеткізу орны теміржол станциясынан, теңіз, өзен айлақтарынан немесе әуежайдан тыс жерде орналасқан болса, уақытша сақтау орындарына тауарларды ауыстыру, тауарларды жеткізуге бақылау жасау тәртібіне сәйкес тауарларды тасымалдауды қамтамасыз ететін көлікке қайта тиеу арқылы жүргізіледі.

5. Уақытша сақтауға орналастырылған тауарлармен және көлік құралдарымен операциялар жасау

44. Кеден ісі туралы заңның 180-бабына сәйкес уақытша сақтауға орналастырылған тауарлардың бүлінген орамаларын жөндеуді қоса алғанда, олардың бұзылмай сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті операциялар жүргізілуі мүмкін.

УСҚ иегерлері, тауарларға қатысты өкілеттігі бар адамдар және олардың өкілдері УСҚ-да орналасқан тауарларды қарауға және өлшеуге құқылы. Сондай-ақ кеден органының рұқсатымен кедендік ресімдеудің мақсаттары үшін осындай тауарлардан сынамалар мен олардың үлгілерін ала алады.

6. Уақытша сақтаудың мерзімдері

45. Уақытша сақтаудың мерзімдері Кеден ісі туралы заңның 179-бабына сәйкес белгіленеді.

46. Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын сақтаудың шекті мерзімі Кеден ісі туралы заңның 20-бабына сәйкес УСҚ-да үш тәулік құрайды.

47. Кеден заңдарын бұзу туралы іс бойынша заттай айғақтар болып табылатын және УСҚ-да кеден органдары орналастырған тауарлар мен көлік құралдарының сақталу мерзімі олар алынған адамға тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап алты ай мерзімнен аспауы тиіс.

48. Тауарлар мен көлік құралдарын босатқаннан кейін немесе кеден режимінің таңдауына сәйкес олар белгілі бір адамның қарамағына берілгеннен кейін уақытша сақтау орындарында үш тәулікке дейін сақталынады, кеден

органының рұқсатымен бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

49. Егер уақытша сақтау орны деп танылған үй-жайларда немесе ашық алаңқайларда кедендік бақылаумен уақытша сақтауда орналасқан өзге тауарлар немесе көлік құралдары болмайтын болса, онда осы Нұсқаулықтың 48-тармағында белгіленген талаптар босатылған немесе белгілі бір адамның қарамағына берілген тауарларға қолданылмайды.

7. Уақытша сақтау орындарына тауарларды орналастыруды шектеу

50. Көлік құралдарында, ашық алаңда және арнайы бөлінген, сондай-ақ жабдықталған үй-жайларда төмендегідей тауарларды уақытша сақтауға жол берілмейді:

- 1) Акцизделген болып табылатын тауарлар;
- 2) сақтаудың айрықша шарттарын талап ететін тауарлар;
- 3) Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу қойылатын тауарлар.

51. Сақтаудың айрықша талаптарын талап ететін тауарлар мен көлік құралдары сақтаудың айрықша шарттарына сәйкес жабдықталған көлік құралдарына және арнайы бөлінген, сондай-ақ жабдықталған үй-жайларда уақытша сақтауға орналастырылады.

8. УСҚ-да, кеден қоймалары мен бос қоймаларда тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау

52. Уақытша сақталуы кеден органдары құрған УСҚ-да ғана жүзеге асырылатын тауарларды қоспағанда, УСҚ, кедендік және бос қоймаларда кез келген тауарлар орналастырылады.

53. УСҚ, кедендік және бос қоймалардың иегерлерімен осындай қоймаларға тауарлары мен көлік құралдарын орналастыратын адамдардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен реттеледі.

54. Кеден органдары құрған УСҚ болмаған жағдайда кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша заттай айғақ болып табылатын тауарларды уақытша сақтау - сақтаудың ерекше талаптары қажеттілігі ескеріле отырып, кеден органдары белгілеген уақытша сақтаудың өзге де орындарында жүзеге асырылады.

9. Уақытша сақтауда тұрған тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу

55. Уақытша сақтау орындарының иегерлері уақытша сақтау орындарына іс жүзінде жеткізілген, сақталуда тұрған және босатылатын тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді және есеп беріп отырады.

56. УСҚ-да, кедендік қоймалар мен бос қоймаларда сақталатын тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу нысанын Қазақстан Республикасының кеден

органы белгілейді. Бұл орайда есепке алу жүйесі төмендегілерді қамтиды:

- 1) есепке алу кітабы;
- 2) есепке алудың кедендік құжаты.

57. Есепке алу кітабы есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қарамастан 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жүргізіледі. Есепке алу кітабын жүргізудің тәртібін кеден органдары белгілейді.

58. Есепке алудың кедендік құжаттары тауарлармен және көлік құралдарымен бір мезгілде ұсынылатын қысқаша декларация немесе жүкке қатысты кеден декларациясының көшірмелері немесе тауарға ілесіп жүретін құжаттар болып табылады.

59. Уақытша сақтауда тұрған тауарлар мен көлік құралдарының есепке алу құжаттары: есепке алу кітабы үшін - есепке алу кітабындағы соңғы жазба бойынша тауар босатылған күннен бастап; есепке алудың кедендік құжаттары үшін - тауар босатылған күннен бастап бес жыл бойы сақталады.

60. Кеден органының жазбаша талабы бойынша уақытша сақтау орнының иегері кеден органы белгілейтін уақыттың бүкіл кезеңінде уақытша сақталуда тұрған және/немесе сонда бар тауарлар мен көлік құралдары туралы есеп беруге міндетті.

61. Көлік құралдарында сақталатын тауарларды есепке алуды осындай көлік құралдары кедендік бақылауда тұрған және уақытша сақтау орны болып табылатын ашық алаңқайлардың иегерлері, ал МДП рәсімі бойынша автомобиль көлігімен тауарларды тасыған жағдайда - осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген нысан бойынша кеден органдары жүргізеді.

62. Егер уақытша сақтау орнында тауарлар мен көлік құралдарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі пайдаланылатын болса, онда оның иегері осындай жүйені кеден органдарының тексеруіне мүмкіндік беруге міндетті.

63. Кеден ісі туралы заңның 218-бабына сәйкес кеден органы уақытша сақтау орындарында сақталатын тауарлар мен көлік құралдарын түгендеуді жүргізуге құқылы.

10. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жауапкершілігі

64. Уақытша сақтау орнына тауарлар мен көлік құралдарын орналастырғанға дейін кеден төлемдері мен салықтарды төлеуді қоса алғанда, жоғарыда аталған тауарлар мен көлік құралдарының бүкіл жауапкершілігі тасымалдаушыға жүктеледі.

Кеден органдары УСҚ иегерлері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, УСҚ-да сақталатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден төлемдері мен салықтарды төлеу жауапкершілігі УСҚ иегеріне жүктеледі. Соңғы жағдайда жауапкершілік тауарлар мен көлік құралдарын УСҚ-ға орналастырған адамға, ал

ол болмаған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарының меншік иесі болып табылатын адамға жүктеледі.

65. Кеден қоймасына немесе бос қоймаға уақытша сақтауға тауарларын орналастырған адам уақытша сақтауда тұрған тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салықтарды төлеудің жауапкершілігін өзіне алады. Заңның 43 немесе 78-баптарында белгіленген кедендік немесе бос қойманың иегері міндеттемелері сақталмаған жағдайда, кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөніндегі жауапкершілік кедендік немесе бос қойманың иегеріне жүктеледі.

66. Арнайы бөлінген және жабдықталған үй-жайларда, ашық алаңқайларда және көлік құралдарында уақытша сақтаулы тұрған тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге қатысты жауапкершілік осындай уақытша сақтау орындарының иегерлеріне жүктеледі.

11. Кеден органдарының УСҚ-ны құру ерекшеліктері және олардың жұмыс істеуі

67. Қазақстан Республикасының кеден органдары құрған УСҚ УСҚ-ның құрылымы мен жабдықталуына қатысты ортақ талаптарға жауап беруге тиіс.

68. УСҚ-ны құратын кеден органының ұсынысы бойынша Кеден комитетінің бұйрығының негізінде УСҚ лицензия алынбастан құрылады және ол Кеден комитетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ұсынысқа осы Нұсқаулықтың 18-тармағының 2), 3), 4)-тармақшаларында көрсетілген құжаттар қоса тіркеледі.

69. Кеден органдары құратын УСҚ ашық үлгідегі УСҚ болып табылады.

70. Кеден органы құрған УСҚ-да тауарларды сақтағаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде кедендік алымдар өндіріліп алынады.

71. УСҚ иегері болып табылатын кедендік орган осы Нұсқаулықтың 9-бөліміне сәйкес тауарлар мен көлік құралының есебін жүргізеді.

72. УСҚ иегері болып табылатын кеден органы жұмыс режимін көрсете отырып, УСҚ-ның жұмыс істеуінің тәртібін белгілейді.

12. Қорытынды ережелер

73. Өтініште, сондай-ақ УСҚ-ны құруға лицензия беруді қарауға арналған өтінішке немесе Шешімге қоса тіркелетін құжаттарда көрсетілген кез келген мәліметтер өзгерген жағдайда, осындай уақытша сақтау орындарының иегері бұл туралы 7 жұмыс күні ішінде Кеден комитетіне жазбаша хабарлауға міндетті.

74. Уақытша сақтау орнының алаңы ұлғайған немесе азайған жағдайда, уақытша сақтау орнының иегерін қайта тіркеген жағдайда енгізілген өзгерістер туралы деректер УСХ-ны, кедендік қойманы, бос қойманы құруға арналған лицензияның, Шешімнің сыртқы бетінде көрсетіледі. Аталған өзгерістер Кеден комитеті төрағасының қолымен және мөрімен бекітіледі.

75. Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгілеген тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтаудың тәртібін бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

76. Уақытша сақтау рәсіміне байланысты кеден органдары қабылдаған шешімдерге Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен шағым түсірілуі мүмкін.

Тауарлар мен көлік
құралдарын уақытша сақтаудың
орындары мен рәсімі туралы
Нұсқаулыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің

Кеден комитеті

Уақытша сақтау орнын тану туралы

N_____ шешім

2001 жылғы "___" _____ N_____
Осымен үй-жай/ашық алаң,
(керек еместер сызылады)

_____ иелігіндегі
(иегердің заңдық мекен-жайы)

_____,
мына мекен-жайда орналасқан
жалпы алаңы (ш/м) _____

(керек еместер сызылады)
осы үй-жай, ашық алаңқай иегерінің тауарлары мен көлік
құралдарының уақытша сақтау орны болып танылады.

Иегердің иелігіне жатпайтын тауарлар мен көлік құралдары
уақытша сақтау орнына орналастырылған жағдайда, осы шешімнің күші
кедендік органдарда танылмайды.

Төраға _____
(қолы) (Аты-жөні)

Тауарлар мен көлік
құралдарын уақытша сақтаудың
орындары мен рәсімі туралы
Нұсқаулыққа 2-қосымша

**Уақытша сақтау қоймасында тауарлар мен көлік
құралдарын есепке алу кітабы**

----- Кіріс

N!Орналас.!Есептің!Тауар мен !Тауарлар!Орындар !Брутто!Қойма !Тауар
 !қан күні! кеден ! көлік ! атауы, !дың саны!салмақ!орнала!қа.
 ! !құжаты.!құралдарын! көлік ! ! (кг) !стыру !был.
 ! !ның N !орналасты.! құралы ! ! !орны !даушы
 ! ! !рушы тұлға! туралы ! ! !(бокс !адам.
 ! ! ! !мәлімет! ! !Nт.т.)!ның
 ! ! ! ! ! ! !қ о л ы

та б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

Ш ы ғ ы с

! Е с к е р т у

Қоймадан іс ! КЖМ ! Орын ! Брутто ! Тауар немесе !
 жүзінде беру! N ! саны ! салмақ ! көлік құралын !
 күні ! ! (кг) ! берген адамның !
 ! ! ! !қ о л ы !